



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Список использованных источников

1. Беляев Е.А., Перминов В.Я. Философские и методологические проблемы математики. -М.,1981.
2. Н.И.Жуков «Философские проблемы математики».- Минск, 1977..
3. Платон. Сочинения в четырех томах. Т. 3. Ч. 1. - СПб., 2007.
4. Галилео Галилей. Избранные произведения в двух томах. -М.: Наука, 1964.
5. Рассел Б. Введение в математическую философию. / [Пер. В. Суровцев]. - Сибирское университетское издательство, 2009.

УДК 37.018.11

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫНДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ

Ерменхан

Күмісжан

kumiszhan.ermenkhan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Мәдениеттану» мамандығының 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Адаева Г.А.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан – жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы борышымыз. Алғыр ойлы – пайымды, білімді, мәдениетті, іскер, еңбекшіл азамат тәрбиелеуді адамзаттың ақыл – ойы мен мәдениетінің дамуындағы бағалы байлықтың бәрін игере отырып және оны бүгінгі ұрпақтың санасына асқан шеберлікпен біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Жастарды жан-жақты, қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт – дәстүрлердің тәлім – тәрбиелік, білім- танымдық рөлі орасан зор. Жастар тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Себебі Л.Н. Толстой айтқандай: «Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара - пар» [1].

Батыс елдерінде ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап отбасы жүйесінің ықпалы кең көлемде қарастырылып, таныла бастады (К. Бернард, Р. Хилл, М. Андолфи, Р. Корралс). Отбасы теориясын алғаш ұсынған Людвиг фон Бертоланфи (1968): «Отбасы дегеніміз- қарапайым мөлшердегі отбасы мүшелері ғана емес, барлығының белгілі өзара қатынастағы торабы. Отбасы жағдайын түсіну үшін ондағы мүшелердің әрқайсысын жеке талдауға қоса, отбасы жүйесін бүтіндей талдау қажеттігі туындайды» [2]. Отбасы - адамның эмоциялық, уайым, көзқарас, қатынасымен байланысты емес, ол феномен. Отбасы феноменінің бір жолы – оның құрылымы, тарихи уақыт талабына сай өзгеруі және бір отбасының өмірлік циклінің логикалық түсіндірілуі.

Отбасы тәрбиенің ең тұнып тұрған ортасы, ата өсиеті, шеше өнегесі деген жастар өміріне керек, себебі бұл құндылықтар тек отбасында ғана насихатталады. Жастардың мәдени бағдары отбасында жүйелі түрде саналы мәнді мағыналы жолдармен берілсе осы өнегені бойына жиған жастар қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасады. Ал отбасынан дұрыс бағдар алмаған адам өмірден өз орнын табуы екіталай?... Осы орайда Ғарифола Есімнің ата-ана тақырыбында жазған еселері еріксіз ойға оралады. Жас отбасы ата-анасының қолында тұрып, үлкендердің батасын алып өнегесін үйренсе және өз балаларын ата-анасының тәрбиесіне берсе, үш ұрпақтың құндылығы қатар қалыптасады. Отбасында ер бала тәрбиесіне әкесі, қыз бала тәрбиесіне шешесі қарағаны жөн. Қазақ даналығында «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген мақал бар, мақалдың астары өте тереңде. Бүгінгі танда бала тәрбиесі де отбасы мәселесі де бәрі қоғамнан алыстатылып барама деген

сұрақ туады? Себебі жастардың көпшілігі материалдық жағдайдың қамымен жүгіріп жүргенде, отбасы жағдайы ақсайды осыдан барып бір-бірін түсінбейтін әке мен бала қалыптасып жатады. Балаға мың жерден барлық жағдай жасалсада, оған әкелік қамқорлық, махаббат бермеген болсаң, ол баладан ертеңгі елдің болашағы шығуына сену қиын. Отбасындағы махаббат, жылулық, қамқорлықпен өмірдегі ешбір сәтті салыстыруға болмайды. Ғарифолла Есім: «Ата дегенде ел бірлігі сөзі тіліме оралады», - дейді. Ел бірлігі үшін ата мен немере арасындағы сабақтастық жібі үзілмеуі керек. Ата мен немере арасында әке бар. Ел бірлігін қамтамасыз ететін үш тұлға: ата, әке, немере. Үш буын, оған сай үш құндылықтар жүйесі. Сабақтастық жібі үзілмеуі керек, егер үзіле қалса, оның қай жерден үзілгенін тауып жалғау – парасаттылықты қажет етеді. Парасат иесі кім, әрине, ол – ата. Атаның көрсеткен сара жолын үзбей жалғау балаға міндет [3]. Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты. Өйткені олар – «ертеңімізді жасайтын бүгінгіміз». Жастарға деген үлкен сенім мен зор үміттің артылатыны бесенеден белгілі. Елдің қуаты мен қозғаушы күші де- осы жастар. Сондықтан да жастардың сапалы білім, саналы тәлім-тәрбие алып, саламатты болып өсуі – мемлекеттің басым бағыттарының бірі. Ұлт көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та біздерге, жастарға, ерекше сенім арта отырып, жастардың жағдайын жасауға баса назар аударады [4].

Жастарға сенім артылып қолдау көрсетіліп жатқан жаһандану заманында, қазақ жастарының жат қылықтарын көріп жағамызды ұстап жатырмыз. Жастар арасынан әртүрлі мәдениеттерді кездестіріп жүрміз. Жастардың батысқа еліктеп бара жатқандығы да анық байқалады. Қазақ даналығында өзіңнен шыққан жау жаман деген мақал бар, - бір отбасының екі баласы бірін бірі көре алмайды. Осындай, атап айта берсек, жастар арасындағы мәселелер көп. Осы жағдайлардың бәрінің басында отбасынан алынған құндылықтар жатқандығы белгілі. Отбасында жастардың мәдени этикалық бағдары дұрыс қалыптасуы керек. Қазіргі қазақ жастары тіпті өздеріне осы жарық өмірді сыйлаған ата – аналарын қарттар үйіне өткізіп жатыр. Жастардың санасының заман талабына сай боламыз деп осыншама уланғандығынан, ата-ананы зат ретінде қарауы ішімізді қан жылатады. «Ата- анаң жыңды болса, байлап бақ» деген атам қазақ. Дәстүрлі қоғамда ата – анасынан безіну деген ұғым мүлдем болмаған.

Қазіргі қазақ жастарының бойына осындай жат қылықтар қайдан пайда болды деген сауал бізді мазалайды. «Қарты бар үйдің берекесі бар» деп қараған халықпыз. Алыс сапарға шығар алдында ауылдың қарттарынан бата алған халықпыз, ал қазіргі қазақ жастарында бәрі басқаша. Жастар осы өмірге өздерінің қалай келгендігін де ой електеріне салмайтынға ұқсайды, дайын тұлға болып қалыптасқан адамдардай сөйлейді. Осындай жат қылықты жастар ертең өз ұрпақтарын қалай тәрбиелейді?

Отбасы деген киелі, өте қасиетті ұғым болып есептелген. Отбасы бірліктің тұнған берекелі, мерекелі шынайы сезімге, мөлдір махаббатқа толы ештеңеге айырбастауға келмейтін биік мекен болуы керек. Ал бүгінгі жастардың отбасы деген құндылықты түсінуі өте үлкен бір проблемаға айналды. Біздің аталарымыз әйел еркектің қабырғасынан жаралған деп, отбасын өте бір жүйелі мәдени басқарып отырған. Түйіні тереңдегі шешілуі қиын мәселелердің барлығын да ер адамдар өздері шешкен, әйелі тек үй ішіне жылу беріп, берекесін келтіріп, шырайын кіргізіп отырған. Бүгінде мәселе мүлдем басқаша бір өзге арнаға қарай ауысқандай. Жастар отбасында барынша шынайы өмір сүріңіздер дегім келеді. Шындық бар жерде береке де, бірлік те, сезім де, махаббат та барлығы да үйлесіп, өз орындарын табады.

Ата-ананың қадірін балалы болғанда білесің демекші, ата-аналарыңыздың ақылын тыңдап, ақ батасын алыңыздар, одан сіздердің жолдарыңыз ашылмаса, ешқашан жабылмайды. Себебі жұмақ ананың табанының астында деген, отбасын бірлік пен берекенің мекеніне айналдыру әрбір адамның өз қолында. Ата-ананды қарттар үйіне өткізіп қойып, сенің дұрыс ұйықтап, өмірге риза болып жүруің мүмкін емес деп ойлаймын. Қазіргі жастардың бойынан мейірімділік сезімін кездестіру де қиындап барады, бұл жағдайға қоғамды кінәлауға болады ма?... Күйбең тірліктің артында жүріп әділдікке де сенуден

қалатын сияқтымыз, қазіргі біздің қоғамды түрлі әділетсіздіктер жаулап барады. Әртүрлі әділетсіздіктерді көрген көзі ашық жастарымыздың бойында мейірімділік сезімі қайдан болсын. Біз ертеңгі елдің болашағымыз -сондықтан осындай әділетсіздіктен бойымызды аулақ ұстап, өз Отанымыздың мақтаныштарына айналайық!...

Қазақ халықы еркіндік, бостандықпен қатар әділеттілікті ең жоғарғы құндылық деп бағалаған, оған ерекше мән берген. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» - деп, ұрпағын тәрбиелеген, санасына сіңірген. Қара қылды қақ жарған билер мен небір шешен көсемдер, алыстан толғап, терең ой айтатын небір дана ғұламалар әділеттілікті ұлттық ментальдық болмысының ерекше бір көрінісі ретінде қарастырды. Әділеттілік үшін күресті адамның моральдық қасиеті ретінде қарастырды. Соның арқасында болашақ ұрпаққа ұлағатты сөз, өнегелі іс қалдырған [5].

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған – туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады- дейді Отанымыздың тұңғыш президенти Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Жастар ертеңгі елдің элитасын дұрыс құруымыз керек, батысқа еліктеп қазақи менталитет, мәдениеттен айырылып қалмайық? Онсыз да басқа елдің боданында болып біршама құндылықтарымыздан айырылып, қайта қалпына келтіру ауырлыққа соғуда.

Қолданылған әдебиет

1. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері - Алматы: Рауан, 1994.-175б.
2. Бизақова Ф., Мамашбаева Ш. Отбасы дағдарыс психологиясы. -Астана: Фолиант, 2010.-147б.
3. Есім Ғ. «Ата» эссе.- <http://egemen.kz/2014/04/30/26349>.
4. Елбасының дәрісі- жастарға тәлім. - Ortalyk-kaz.kz.
5. Адаева Г, Бөрібаев Т, Данысбекова Қ., Шамахай С., Кикимбаев М. Макимбаева Ж. Қазақ мәдениетіндегі әйел бейнелері. - Астана, 2014.-194 б.

УДК 008:316.722

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН–ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ КӨРІНІСІ

Жақия Мақпал

makosya 96.10@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің философия кафедрасының Мт-11 студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.С.Ермағанбетова

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған.Осындай аса құнды мәдени иеліктердің бірі –ұлт ойындары.

Қазақтың ұлттық және спорттық ойындарының да өзіндік тарихы, даму жолдары, қалыптасу кезеңдері бар. Қазіргі кейбір тарихи деректерге қарағанда, бізге жеткен ұлт ойындарының біразы сонау көне заманнан басталады. Демек, Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы қауымдық құрылыс халқымыздың ұлттық ойындарын да туғызған. «Бес тас», «асық», «садақ ату», «қарагие» сияқты ұлт ойындары шамамен алғанда осыдан 5000 жылдар бұрын ойналғандығы жайында айта келіп, ағылшын ғалымы Э.Маккей «...бұл ойындардың барлығы дерлік Азия елдерінде тайпалы одақтардың арасында тарағанға ұқсайды», - дейді [1, 41б].

Ұлт ойындары қоғамның өзгеруі, әлеуметтік – экономикалық жағдай негізінде толығып, тұрмысқа сініп, өзгеріске ұшырап отырған. Мәселен, Қазақстан жеріндегі алғашқы қауымдық құрылыста қалыптасқан «аң аулау», «таяқ жүгірту», «садақ ату», «қақпа тас»,